

2023 жылдың сәуір айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 85,7 млрд. теңгеге 246,8 мың ақша аударымдары жіберілген. 2023 жылдың наурыз айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 4,1% және 7,4%-ға ұлғайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2023 жылдың сәуірінде Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 11,3% және жалпы сомасының 10,9% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 88,7% және 89,1% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2023 жылдың сәуірінде шетелге ААЖ арқылы 76,4 млрд. теңге сомаға 218,9 мың транзакция жіберілді. 2023 жылдың наурызымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 0,1%-ға азайса, көлемі 3,0%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Ресей – 21,2 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 27,7%), Өзбекстан – 19,4 млрд. теңге (үлесі- 25,4%), Түркия – 16,3 млрд. теңге (үлесі – 21,3%), Грузия – 8,9 млрд. теңге (үлесі - 11,6%), сондай-ақ Қытай - 2,5 млрд. теңге (үлесі - 3,2%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	188,3	86,0%	61 849,4	81,0%
CONTACT	13,8	6,3%	7 256,3	9,5%
Вестерн Юнион	6,9	3,2%	4 647,0	6,1%
MONEYGRAM	1,7	0,8%	1 177,4	1,5%
ЮНИСТРИМ	5,2	2,4%	1 149,7	1,5%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,1	1,4%	316,1	0,4%
Жалпы жиынтығы	218,9	100,0%	76 396,0	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	91,6	41,8%	21 167,2	27,7%
Өзбекстан	61,5	28,1%	19 404,1	25,4%
Түркия	27,6	12,6%	16 257,2	21,3%
Грузия	4,2	1,9%	8 893,4	11,6%
Қытай	1,9	0,9%	2 476,3	3,2%
Қырғызстан	8,7	4,0%	2 231,9	2,9%
Тәжікстан	15,1	6,9%	1 691,0	2,2%

Әзірбайжан	1,8	0,8%	1 119,4	1,5%
Украина	1,5	0,7%	593,5	0,8%
Корея Республикасы	0,6	0,3%	515,3	0,7%
Басқалары	4,3	2,0%	2 046,5	2,7%
Жалпы жиынтығы	218,9	100,0%	76 396,0	100,0%

Валюталар бойынша


ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 35,1%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 57,0%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 52,5% және 33,4%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



■ USD ■ KZT ■ RUB ■ EUR

Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



■ USD ■ KZT ■ RUB ■ EUR

ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2023 жылдың сәуір айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 26,3 млрд. теңге сомаға 99,8 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2023 жылдың наурыз айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 12,5%-ға және 11,8%-ға азайды.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 10,3 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 39,0%), Корея Республикасы – 2,7 млрд. теңге (үлесі – 10,3%), Америка Құрама Штаттары – 2,7 млрд. теңге (үлесі – 10,2%), Өзбекстан – 2,7 млрд. теңге (үлесі - 10,1%), сондай-ақ Түркия - 1,6 млрд. теңге (үлесі – 6,2%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	41,9	42,0%	12 618,2	47,9%
CONTACT	4,1	4,1%	1 066,1	4,0%
Вестерн Юнион	22,0	22,1%	5 662,5	21,5%
MONEYGRAM	10,5	10,5%	3 202,4	12,2%
ЮНИСТРИМ	17,1	17,1%	3 546,0	13,5%
Басқа ақша аудару жүйелері	4,2	4,2%	229,4	0,9%
Жалпы жиынтығы	99,8	100,0%	26 324,6	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандығы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
----	-----------------------	----------------------------	---------------------	-----------------------------

Ресей	52,1	52,2%	10 269,5	39,0%
Корея Республикасы	5,0	5,0%	2 718,0	10,3%
Америка Құрама Штаттары	8,8	8,8%	2 696,7	10,2%
Өзбекстан	5,3	5,3%	2 662,2	10,1%
Түркия	4,7	4,7%	1 635,8	6,2%
Германия	8,7	8,7%	1 441,8	5,5%
Қырғызстан	2,4	2,4%	1 094,8	4,2%
Грузия	0,7	0,7%	418,1	1,6%
Израиль	0,9	0,9%	281,7	1,1%
Франция	0,9	0,9%	263,7	1,0%
Басқалары	10,3	10,3%	2 842,4	10,8%
Жалпы жиынтығы	99,8	100,0%	26 324,6	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 34,6% және жалпы сомасының 51,9%) және қазақстандық теңге (тиісінше 38,7% және 28,5%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР


Қазақстан аумағында 2023 жылдың сәуірінде 9,3 млрд. теңге сомасына 27,8 мың транзакция жүргізілді. 2023 жылдың наурызымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 54,9%-ға ұлғайса, көлемі 65,8%-ға ұлғайды.

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	1,0	3,6%	1 106,3	11,8%
CONTACT	0,002	0,01%	2,6	0,03%
Вестерн Юнион	0,01	0,04%	12,5	0,1%
ЮНИСТРИМ	0,05	0,2%	7,0	0,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	26,8	96,2%	8 211,3	87,9%
Жалпы жиынтығы	27,8	100,0%	9 339,8	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

